

Г. Дюсембина <sup>1</sup>, М. Искакова <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ПІКІРТАЛАС ӘДІСІ – ОҚУШЫЛАРДЫ ДАМУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ

### *Аңдатпа*

Бүгінгі таңда оқу үдерісінде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер жетерлік. Білім алушылардың белсенділігі мен пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, шебер сөйлеуге машықтандыруға жетелейтін әдістердің бірі – пікірталас. Мақалада пікірталас әдісін қолданудың артықшылықтары мен ұтымды тұстары туралы айтылады. Сонымен қатар, мақалада білім беру барысында қазіргі кезде қолданылып жүрген пікірталастың түрлері мен пікірталас мәдениетін сақтауда оқушылар ескеретін ережелер топтамасы беріледі. Пікірталас әдісі арқылы оқушылардың игеретін білім, білік, дағдылары да мақалада көрініс табады.

**Түйін сөздер:** пікірталас, әдіс, білім, оқушы, мәдениет

G. Dyussembina <sup>1</sup>, M. Iskakova <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

## DISCUSSION METHOD IS AS A TOOL TO DEVELOP AND EDUCATE STUDENTS

### *Abstract*

Today, there are many methods that are used in the educational process. One of the ways to increase students' activity and interest in the subject is through discussion. The article discusses the advantages and benefits of using the discussion method. In addition, the article provides a set of rules that take into account students while preserving the culture of discussions and the forms of discussions that exist in the learning process. The article reveals the knowledge, skills, and skills acquired by students through discussion methods.

**Key words:** discussion, method, education, student, culture

Г. Дюсембина <sup>1</sup>, М. Искакова <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Казахский Национальный педагогический университет им. Абая,  
Алматы, Казахстан

## МЕТОД ДИСКУССИИ-СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ И ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ

### *Аннотация*

На сегодняшний день существует множество методик, которые используются в учебном процессе. Одним из способов повышения активности обучающихся и интереса к предмету является дискуссия. В статье говорится о преимуществах и выгодах применения метода дискуссии. Кроме того, в статье дается цикл правил, учитывающих учащихся при сохранении культуры дискуссий и форм существующих их в процессе обучения дискуссий.

**Ключевые слова:** дискуссия, метод, образование, ученик, культура

**Кіріспе.**Еліміз егемендік алып, тұғырлы тәуелсіздігімізді төрткүл дүниеге паш еткелі 30 жылға жуық уақыт болды. Мемлекет ретінде қалыптасу үшін аздық ететін осы бір жылдар ішінде елімізде бұрын-соңды болмаған өзгерістер жасалды. Қысқа уақыт аралығында экономика, қаржы, білім салаларында кешенді реформалар жүргізілді. Осылайша әлемдік өркениетке ілесе отырып, дамушы елдердің алдыңғы қатарынан орын алды. Бүгінгі XXI ғасыр алдында тұрған ең өзекті әрі көкейкесті мәселелердің бірі – өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім берудің басты бағыттарын саралап, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ғылым-білімі дамыған, өркениетті елдердің қатарына кіру үшін жастарға алдымен заман талабына сай білім алу керек. Себебі, елімізді дамыған елдердің арасында терезесін тең ететін тек – білім болмақ. Қазіргі білім беру жүйесінің алдында оқу үрдісін технологияландыру мәселесі тұр. Ол дегеніміз, білім беру үрдісіндегі жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушыларды жан-жақты дамытып, жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Осы мақсатта бүгінде білім беруде оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибелеріне енді. Осы ретте Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында: ”Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті [1] ”, - деп атап көрсетті. Олай болса, ұстаздарға қойылар талап та күшеймек. Білім алушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, оларға әлемдік стандарттарға сай білім беру – ұстаздарға артылар жүктің салмағын арттыра түскендей.

**Әдістеме.**Тақырыпты зерттеу арқылы жасаған тұжырымдар мен шығарған нәтижелерді орта білім беретін мектептер жоғары сыныптарының қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, сөз мәдениеттерін қалыптастыру мақсатында пайдалануға болады. Пікірталас әдісі – оқушылардың ойлау қабілеттерін шыңдап, сөз байлықтарын арттырудың бірден-бір әдісі.

**Нәтижелер.**Білім беру жүйесіндегі соңғы кездері орын алған өзгерістер - еліміздің білім саласын жаңа сатыға көтерді. Бұл ретте, ұстаздарға қойылар талап пен артылар жүктің салмағы да арта түскендей. Бүгінгі ұстаз – тек білім берумен шектелмеуі тиіс. Іздену, жаңа білімге ұмтылу – ең алдымен ұстаздан бастау алуы шарт. Бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған шәкірт тәрбиелеуді мақсат еткен ұстаз - алдымен өзін дамытып, оқушыға керекті біліммен қарулануы тиіс. Себебі, қазіргі технологияның қарыштап дамып, құлашын кеңге жайған тұста оқушыны аялық біліммен не оқулықпен таң қалдыра алмайсың. Пікірталас әдісі арқылы оқушылардың өз бетінше іздену, қосымша материалдарды оқып, зерттеу, ойлау қабілетін дамыту, көпшілік алдында жасқанбай сөйлей алу сияқты көптеген қабілеттерін шыңдауға болады. Оқушылар үшін аталған қабілеттердің қай-қайсысы болса да аса қажет.

**Талқылау.**Қазіргі таңда білім беруде кең қолданылып жүрген оқу технологияларының бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, өзіндік көзқарас пен пікірлерін еркін жеткізуге жетелейді. Осылайша, оқушылар өзгелердің ой-пікірлеріне өз көзқарасын білдіріп, мәселенің ақ-қарасын ажыратуға, пікірталас барысында естіп-білген ақпараттарын салыстырып, соңынан оларды сұрыптап, өз бетімен жұмыс жасауға машықтандырады. Бұл технология арқылы оқушы мұғаліммен, сыныптастарымен еркін пікір алысып, пікір таластырып, сол пікірталас кезінде бір-бірінің ойын тыңдап, құрметтеп, өзекті мәселенің шешу жолдарын бірлесе іздеп, қиындықтарды еңсеруге тырысады. Оқу барысын сапалы әрі қызықты ұйымдастыруда мұғалімдер бүгінде жаңа әдіс-тәсіл түрлерін көптеп қолданып жүр. Мұндағы басты мақсат – сапалы білім беру екені өз алдына, оқушының шығармашылық қабілеттерін шыңдап, сөз өнеріне, дұрыс сөйлеуге, өз ойын дұрыс жеткізе алуға жетелеу болып отыр. Сөзге шешен әрі сөйлеу мәдениетін шебер меңгерген оқушы кез-келген ортада өз ойын дұрыс жеткізіп, шебер сөзшендігімен көзге түсері анық.

Оқушылардың белсенділігін арттыруда қолданылып жүрген жаңа әдіс-тәсілдердің бірі – пікірталас. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде пікірталасқа: “Пікірталас – белгілі бір қоғамдық мәні бар мәселені, болмаса ғылыми жұмысты талқылау барысындағы айтыс-тартыс, дау [2., 683 ]”, - деген анықтама берілген. Демек, пікірталас – оқушының өз пікірі мен көзқарасын көпшілік алдында қорғауы мен дәлелдеуі. Пікірталас – оқушылардың өзара пікір алмаса отырып, оқу міндеттерін ұтымды әрі нәтижелі шешуіне мүмкіндік туғызатын бірлескен ұжымдық әрекет түрін ұйымдастырудың ең жиі қолданылатын әрі ең өнімді әдісі. Пікірталасқа қатысушылар белгіленген мәселе төңірегінде өз пікірлерін қорғауға ұмтылады, соның нәтижесінде оқушылар бір-біріне логикалық тұжырымдары, өзіндік көзқарастары арқылы әсер етеді, жаңа пікірлер қалыптастырады, ой-өрістері кеңейеді [3., 231]. Пікірталас барысында оқушының өмір шындығын

тереңдей тануына, оның өзіне беймәлім сырларын түсінуге жол ашатын психологиялық ахуалды, эмоциялық көңіл-күйді басынан өткеруі нәтижесінде алған білімдерін өзінің жүрегінен, ақыл сүзгісінен өткізіп, өзіндік ой-пікірін өзгелермен ашық та еркін бөлісуіне қажетті алғышарттар жасалады [4., 229].

Пікірталас әдісі арқылы оқушылар:

- а) кез-келген мәселеге талдау жасап, өз пікірін білдіруге, өзекті мәселені анықтауға үйренеді;
- ә) пікірталасқа қатысушы адамды тыңдап үйренумен қатар, шешен сөйлеуге машықтанады;
- б) туындаған мәселеге сыни көзбен қарауға дағдыланады;
- в) талқыға түскен мәселені түсініп, оның шешу жолдарын қарастырып, өз ойын еркін айта алады;
- г) фактілерге сүйенуге, деректер келтіруге дағдыланады, өз бетімен білім алуға бағыт алады;
- д) берілген уақытты тиімді пайдаланып, өз бетімен шешім шығаруға дағдыланады.

Демек, пікірталас әдісі арқылы оқушы өз ой-пікірін еркін жеткізіп әрі шешен сөйлеуге машықтанып қана қоймай, жеке дара тұлға ретінде өзіндік өсу сатысына көтеріледі екен. Бұл – пікірталас әдісінің оқушылар үшін тиімді екенін көрсетеді. Пікірталастың бірнеше түрі бар: пікір алмасу, ойталқы, пікірсайыс, ойбөліс, сөзталас, айтыс. Аталғандардың барлығының да өзіндік мақсаттары мен өздеріне тән ерекшеліктері бар.

**Пікір алмасу** – пікірталастың бұл түрі көпшіліктің арасында өтеді. Негізгі мақсаты – қозғалып отырған мәселені салыстыра зерттей келе, шындық пікірді көрсету, талас тудырып отырған мәселенің шешімін табу.

**Ойталқы** - ғылыми және қоғамдық мәні бар келелі тақырыптар көтеріліп, осы мәселе аясында өтетін сөз жарысы. Мұнда да сөз таласына түскендер белгілі бір пікірге тоқталады.

**Пікірсайыс** – пікірталастың бұл түрінің басқа түрлеріне қарағанда табиғаты ерекше. Алғашқы мағынасы “соғысқұмар”, “жаушылдық”, “дұшпандық” деген ұғымды білдірген. Ал, қазіргі мағынасы белгілі бір мәселені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс деген мағынаға саяды. Дегенмен, бұл - жай ғана сайыс емес, көзқарасқа қарсы тұрушылық, идеядағы бітіспестік, пікірдегі қарсылық. Ендеше, пікірсайыс, пікір алмасу мен ойталқыдан бөлектенеді. Пікір алмасуға, ойталқыға қатысқандар пікір алшақтықтарын талқылай келе, бір пікірге тоқталуға, ортақ шешім шығаруға, шындықты қалпына келтіруге тырысады. Ал, пікірсайыстың мақсаты басқа: қарсы жақты жеңіп шығу, өз пікірінде қалып, соны бекіту. Сөйтіп, сайысшылар әлеуметтік мәселелерді шешеді, қоғамның дамуына жол бермей отырған кедергілермен күреседі. Пікірсайыс көбіне-көп бұлтартпас дәлелдерге, ғылыми аргументтерге жүгінеді. Пікірсайыс, әсіресе адами құндылықтар мен адам құқығы жөнінде жаңа көзқарастар туындаған кезде қоғамдық пікір қалыптастыру үшін өте қажет.

**Ойбөліс** - көпшілік алдында екі адамның не екі топтың ой-пікірлерін ортаға салуы. Ойбөлісте пікір қарама- қарсылығы болғанмен, түсіністікке негізделеді.

**Сөзталас** – қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады.

**Айтыс** - екі адамның, екі топтың арасында суырып-салма өлеңмен кезектесе айтылатын сөз жарысы, өнер сайысы. Көнеден үзілмей келе жатқан өнер түрі. Сөз жарыстыру немесе айтысу ұғымында қолданылып келеді. Айтыс – қазаққа таңсық өнер емес. Қазақпен бірге жасап келе жатқан өнер. Айтыс – “қиыннан қиыстыратын” шеберлікті, алғырлықты, тапқырлықты талап етеді.

Ал, пікірталас мәдениеті – пікірталас кезіндегі оқушының өзін-өзі ұстау әдебі, қарсыласына көрсеткен сый-құрметі мен пікірталас ережелерін барынша ұстанып, өз пікірін дәлелдеп шығудағы оңтайлы қимыл-әрекеті. Пікірталас мәдениетін сақтау үшін:

1. Ой мен сөз бірлікте болуы керек. Ой жинақы, ал, ауыздан шығатын сөз жүйелі болуын қадағалау қажет.

2. Айтылатын пікірлерге үнемі қарсы шығуға болмайды. Пікірталас кезінде қарсыластың келтірген дәлелдеріне келіскен абзал. Алайда, келісе отырып, тақырыптан ауытқып, пікірталасқа қатысы жоқ дәлелдерді алға тартқанын түсіндіре алу маңызды. Осылайша, өз пікірінің дұрыстығын қорғау керек.

3. Қарсыласты құрметтеп, оның ой-пікірі мен көзқарасын сыйлап, тыңдай білу - пікірталас мәдениетінің басты алғышарты. Қарсыластың келтірген деректері мен дәлелдеріне нақты дәлелдер арқылы қарсы тұруға болады, алайда, бірақ дәрекі сөздермен, күлкімен әжуалап, жеке басына қатысты ақпараттарды келтіріп, дауыс көтеріп, жекуге әсте жол беруге болмайды.

4. Пікірталас кезінде сабырсыздық танытып, қызбалыққа салынуға болмайды. Әдетте, қызбалыққа салынған адам қарсыластың сөзін тыңдауға, түсінуге құлық білдіре қоймайды. Ашуға беріліп, өзінің әлсіздігін көрсетеді. Ал, өзін-өзі ортада ұстай алатын, сабырлы, адам ғана жеңіс тұғырынан көрінетіні белгілі. Олай болса, пікірталаста сабырлылықты сақтай білу – сайысшы үшін маңызды қасиет.

5. Көпшілік алдындағы сөз секілді, пікірталастағы сөздің күші – әсер ету мүмкіндігінде. Ол неғұрлым айқын, неғұрлым нақты болса әсер ету күші де соғұрлым күшті болады. Сөздің дұрыстығы, дәлдігі, жатықтығы, тазалығы – ой айқындылығының басты шарттары. Сондықтан пікірталас мәдениетінің басты талабы сөздерді мағынасына сай орынды жұмсай білу керек. Н.Уәлиев: “Кейбір адамдардың сөйлеген сөзі жұртты ұйытып, тыңдаушының айызын қандырады. Ой мен сезімге бірдей әсер етіп жатқан топ алдындағы сөзді (публичная речь) тыңдай беруден жалықпайсыз. Ал қайсыбір сөйлеушілердің сөзі әсерсіз болып, отырған жұрт ықыластыз тыңдайды. Енді бұл екі сөзді іштей салыстырсаңыз, әсерлі сөйлеген шешеннің сөзінде нанымды фактілер, соны деректер, логикалық жүйе барлығын байқайсыз. Ол жұрт білетін жайды тәптіштеп жатпайды [5., 87]”, - дейді. Сөйлеген сөз әсерлі әрі тыңдаушыны жалықтырмау үшін тың деректер келтіріп, шебер, шешен сөйлеуге машықтану керек.

**Қорытынды.** Пікірталасқа қатысушылар арнайы тәртіп пен мәдениет аясында бірлікте жұмыс істеп, қарсыласына сыйластықпен қарай отырып әрі білім мен білігін пайдаланып сөз додасында жеңіске жетуі керек. Аталған талаптарды орындағанда ғана, пікірталасқа қатысушы көпшіліктің ықыласы мен құрметіне бөленеді деп сенімді түрде айта аламыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1) *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2010. – газет материалы*
- 2) *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Тіл комитеті. - Алматы, 2008. - 683 бет. "Дайк-Пресс" - сөздік*
- 3) *Лэндрет Г.Л. Игровая терапия: искусство отношений. – Москва, 1998. -231 с. - кітап*
- 4) *Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғыл. докт. дисс.. -13.00.02. -Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008, -229 б. – докторлық диссертация материалы*
- 5) *Уәлиев. Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984. -87 б. – кітап*